

FTAMP 14.23.09

<https://doi.org/10.26577/JES2025857>**Ф.К. Омарбекова*** , **Ұ. Қияқбаева** 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: omarbekovafarida@mail.ru

АСЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУЫ

Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың сөйлеу тілін дамытуда ұлттық ойын элементтері мен заманауи әдістемелік-технологиялық тәсілдердің кіріктірілуі қарастырылады. Зерттеу жұмысы Алматы қаласы, Түркісіб ауданына қарасты №187 мемлекеттік бөбекжай-балабақша базасында жүргізілді. Тәжірибеге 60 бала қатысты. Жаңа әдістеме «асық технологиясы» логопедиялық сабақтарда қолдануға бейімделіп, сөйлеу мүшелерінің қозғалысын жетілдірумен қатар, балалардың ұсақ және жалпы моторикасын, когнитивтік белсенділігін, зейінін, есте сақтау қабілетін, кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамытуға бағытталды. Технологияның негізінде қазақ халқының ұлттық ойыны – асық арқылы балалардың артикуляциялық жаттығулары, нейрогимнастикалық және биоэнергопластикалық қозғалыстар кешені ұйымдастырылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, асық әдістемелік технологиясын жүйелі пайдалану сөйлеу тілінің бұзылысын түзетіп қана қоймай, баланың тілдік белсенділігін, эмоционалдық тұрақтылығын және мәдени сәйкестігін арттырады. Ұлттық мазмұн мен инновациялық логопедиялық тәсілдердің синтезі ретінде бұл технология мектепке дейінгі білім беру кеңістігінде тұлғаның тұтас дамуына бағытталған тиімді педагогикалық жаңалық болып табылады. Ұлттық ойын арқылы сөйлеу тілін дамыту әдісі балалардың когнитивтік, эмоциялық және әлеуметтік бейімделуіне оң әсер етіп, логопедиялық жұмыстың мотивациялық және мәдени мазмұнын байытты. Бұл зерттеу асық технологиясын мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізудің тиімді инновациялық бағыты екенін көрсетті.

Түйін сөздер: асық технологиясы, сөйлеу тілі, мектепке дейінгі білім, логопедиялық әдіс, моторика, нейрогимнастика, ұлттық ойын.

F.K. Omarbekova*, U. Kiyakbayeva

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: omarbekovafarida@mail.ru

Development of Preschool Children's Speech Based on the Asyk Methodological and Technological Approach

This article examines the integration of national play elements with modern methodological and technological approaches in developing the speech of preschool children. The study was conducted at the State Kindergarten No.187 located in the Turksyby District of Almaty city. 60 children took part in the experiment. The new approach the «Asyk Methodological Technology» was adapted for speech therapy sessions and aimed not only at improving articulatory movements but also at enhancing fine and gross motor skills, cognitive activity, attention, memory, and spatial orientation. The technology is based on the traditional Kazakh game Asyk, through which a set of articulatory, neuro-gymnastic, and bio-energo-plastic exercises were organized. The research findings indicated that the systematic use of the Asyk technology not only corrected speech disorders but also increased linguistic activity, emotional stability, and cultural identity among children. The synthesis of national content and innovative logopedic methods made this technology an effective pedagogical innovation aimed at fostering the comprehensive development of the child within the preschool education system.

Keywords: Asyk technology, speech development, preschool education, speech therapy, motor coordination, neuro- gymnastics, national games.

Ф.К. Омарбекова*, Ү. Қиякбаева

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: omarbekovafarida@mail.ru

Развитие речи дошкольников на основе методико-технологического подхода «Асык»

В статье рассматривается интеграция элементов национальной игры и современных методико-технологических подходов в процессе развития речи детей дошкольного возраста. Исследование было проведено на базе государственного детского сада № 187, расположенного в Турксибском районе города Алматы. В эксперименте приняли участие 60 детей. Новая методика «асык-технология» была адаптирована для логопедических занятий и направлена не только на совершенствование движений речевого аппарата, но и на развитие мелкой и общей моторики, когнитивной активности, внимания, памяти и навыков пространственной ориентации. В основе технологии лежит использование казахской народной игры «асык», посредством которой организуются артикуляционные упражнения, нейрогимнастика и биоэнергопластические движения. Результаты исследования показали, что систематическое применение асык-технологии способствует не только коррекции речевых нарушений, но и повышает языковую активность, эмоциональную устойчивость и культурную идентичность ребёнка. Синтез национального содержания и инновационных логопедических методов делает данную технологию эффективным педагогическим новшеством, направленным на всестороннее развитие личности в системе дошкольного образования. Практическая значимость работы заключается в возможности широкого внедрения методики в образовательные организации Казахстана. Представленные результаты могут быть использованы при разработке учебных программ и методических пособий для специалистов в области логопедии и дошкольной педагогики.

Ключевые слова: технология асык, развитие речи, дошкольное образование, логопедические методы, моторика, нейрогимнастика, национальные игры.

Кіріспе

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі ең өзекті стратегиялық міндеттердің бірі балалардың сөйлеу тілін жан-жақты дамыту болып табылады. Сөйлеу тілі адамның когнитивтік, коммуникативтік және тұлғалық дамуының негізгі психикалық функцияларының бірі ретінде қарастырылып, тұлғаның қоғамда өз орнын табуына, өз ойын еркін білдіруіне және әлеуметтік бейімделуіне тікелей әсер етеді. Ерте жастағы баланың тілінің толық дамуына оның кейінгі оқу жетістіктеріне, қарым-қатынас орнату мәдениетіне және эмоционалды тұрақтылығына кері ықпал етеді. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдардағы сөйлеу тілі тежелген немесе фонетикалық-фонематикалық бұзылысы бар балалармен жүргізілетін логопедиялық және тіл дамыту жұмыстарының мазмұнын жаңарту қазіргі қоғамның әлеуметтік сұранысына айналды.

Соңғы жылдары Қазақстандағы мектепке дейінгі жастағы балалар арасында сөйлеу тілі дамуының кешеуілдеуі жиі кездесіп отыр. Бұл жағдай логопедиялық қызмет көрсету жүйесінің кеңеюіне қарамастан, әдістемелік және тілдік бейімделудің жеткіліксіздігін байқатады. Қолданыстағы логопедиялық бағдарламалардың көпшілігі шетелдік әдістемелерге сүйенеді

және қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық және мәдени ерекшеліктерін толық ескере бермейді. Қазақ тілі агглютинативті құрылымға ие, буындық заңдылықтары мен дыбыстық үндестік ережелері өзгеше болғандықтан, сөйлеу тілін түзетуде ұлттық тіл табиғатына сәйкес құралдар мен әдістемелер қажет. Осы тұрғыдан алғанда, отандық этнопедагогикалық тәжірибе мен ұлттық ойындардың әлеуетін пайдалану балалардың сөйлеу тілін табиғи жолмен дамытуға мүмкіндік береді.

Ұлттық ойындар – халық педагогикасының ажырамас бөлігі әрі баланың рухани, психологиялық және физикалық дамуының маңызды құралы. Қазақ халқының дәстүрлі ойындарының ішінде асық ойыны ерекше орын алады. Асық – ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесінде қолданылып келе жатқан көне ойын әрі мәдени кодтың символы. Оның негізінде қозғалыс, дәлдік, зейін, қырағылық пен қимыл үйлесімділігі қалыптасады. Ең бастысы, асық ойыны баланың сөйлеу белсенділігін табиғи түрде ынталандырып, эмоциялық тұрақтылығын арттырады. Асықпен ойнау барысында бала қимыл, қиял, көру және сөйлеу әрекеттерін біріктіріп, өз ойын еркін жеткізуге үйренеді. Бұл процесс тілдік дамудың биологиялық және психологиялық механизмдерін бір мезетте іске қосады.

Қазіргі логопедиялық тәжірибеде нейропсихологиялық және биоэнергопластикалық әдістер кеңінен қолданылғанымен, олардың көпшілігі ұлттық контекстен тыс бейімделген. Ал асық терапиясы осы екі бағытты ұлттық мәдениетпен біріктіретін инновациялық тәсіл ретінде қарастырылады. Асық арқылы логопедиялық жаттығуларды орындау кезінде бала артикуляциялық аппаратты, саусақ пен қол бұлшықеттерін, көру және есту назарын бір уақытта дамытады. Мұндай кешенді тәсіл сөйлеу тілін дамытумен қатар, ұсақ моториканы, зейінді және есте сақтауды күшейтеді.

Алматы қаласындағы №187 балабақша базасында жүргізілген бұл зерттеу сөйлеу тілі тежелген 5–6 жастағы балалармен жұмыс істеудің жаңа мүмкіндіктерін ашуға бағытталды. Жұмыс барысында қазақтың ұлттық «асық» ойыны негізінде арнайы әдістемелік технология әзірленіп, ол логопедиялық сабақтардың мазмұнына енгізілді. Бағдарламада асықпен орындалатын қимылдық жаттығулар, нейрогимнастика, биоэнергопластика элементтері және ойын сюжетіне құрылған тілдік тапсырмалар кешенді түрде қолданылды. Нәтижесінде балалардың қазақ тіліндегі сөйлеуін табиғи ойын жағдайында белсендіруге, артикуляциясын, фонематикалық қабылдауын, сөздік қорын және сөйлеу бастамашылдығын мақсатты түрде дамытуға жағдай жасалды.

Зерттеу жұмысы 2023–2025 жылдар аралығында жүргізілген квази-эксперименттік бақылауларға сүйенеді. Сол кезеңде «асық» технологиясын жүйелі қолданған топтардағы балалардың дыбысты анық айтуы, фонематикалық тыңдауы, лексикалық қоры және сөйлеу белсенділігі жағынан оң динамика байқалды. Қазақтың дәстүрлі ойынын логопедиялық процестің заманауи компоненттерімен – нейропсихологиялық жаттығулармен, ойынға негізделген оқытумен, қимыл-қозғалысқа сүйенген әдістермен – ұштастыру мектепке дейінгі сөйлеу тілі тежелген балаларға арналған авторлық технология ретінде алғаш рет ғылыми-тәжірибелік деңгейде сипатталды. Осы арқылы этнопедагогика, психоллингвистика және логопедия тоғысқан тұста ұлттық ойынға сүйенген сөйлеу терапиясының жаңа үлгісі ұсынылып отыр.

Алынған қорытындылар әдістеменің практикалық маңызын да көрсетеді. «Асық» технологиясын балабақшалардағы логопедиялық сабақтарға, шағын топтағы түзету жұмыстарына, ойын бұрыштарындағы тіл дамыту іс-шарала-

рына тікелей енгізуге болады. Жиналған материалдар мектепке дейінгі ұйым педагогтары мен логопедтеріне, сондай-ақ ата-аналарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар әзірлеуге негіз бола алады. Бұл, бір жағынан, сөйлеу тілі тежелген мектепке дейінгі балалардың тілін табиғи ойын барысында дамытуға арналған тәжірибелік база қалыптастыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, ұлттық ойындарды тәрбиелік және түзетушілік ресурс ретінде жүйелі пайдалануға жол ашады.

Жалпы, авторлық «асық әдістемелік технологиясы» ұлттық ойын дәстүрін заманауи логопедиялық тәжірибемен ұштастырған тиімді педагогикалық жүйе ретінде танылды. Зерттеу нәтижелері №187 балабақшадағы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік, моторикалық және эмоциялық дамуында бұл технологияның айқын оң ықпалын көрсетіп, оның мектепке дейінгі білім беру жүйесін ұлттық негізде жаңғыртуға бағытталған маңызды бағыттардың бірі бола алатынын дәлелдейді.

Әдебиеттік шолу

Сөйлеу тілі – адамның танымдық және әлеуметтік дамуының негізгі құралы. Психоллингвистикалық тұрғыдан ол ойды сыртқа шығарудың және танымдық процестердің қалыптасуының басты тетігі болып саналады. Психолог және педагогтердің (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Ж. Аймауытов, С. Рахметова, Р.Ә. Шәріпова және т.б.) еңбектерінде сөйлеу тілін дамыту тұлғаның рухани және когнитивтік жетілуінің алғышарты ретінде қарастырылады.

Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы бойынша, баланың сөйлеу тілі оның әлеуметтік ортасымен өзара әрекетінде дамиды; сөйлеу тілінің қалыптасуы – мәдени тәжірибенің ішкі психикалық функцияға айналу үдерісі. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі жаста тілдік белсенділікті дамытудың негізі ойын және қарым-қатынас әрекеттері арқылы қаланады.

Сөйлеу тілінің жеткіліксіз дамуы (СЖД) – мектепке дейінгі жастағы балаларда жиі кездесетін психологиялық-педагогикалық проблема. Зерттеушілердің пікірінше (Өмірбекова Қ.Қ., Ибатова Г.Б., Оразаева Г.С., 2011; Архипова Е., 2018), сөйлеу бұзылыстарының басты себептері артикуляциялық аппараттың әлсіздігі, моторлық үйлесімнің жеткіліксіздігі және нейродинамикалық процестердің баяулығымен байланысты. Бұл жағдайды түзету үшін логопедия-

лық жұмыста артикуляциялық, тыныс алу және моторикалық жаттығулардың кешенін қолдану ұсынылады. Дегенмен, дәстүрлі логопедиялық әдістемелер көбіне механикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталып, баланың эмоционалды, мәдени және тұлғалық ерекшеліктерін ескермеуі мүмкін. Осы себепті соңғы жылдары ғалымдар сөйлеу тілі дамуын қолдауда интегративті, мәдени контекстке бейімделген тәсілдерді іздеуде (Колганова В.С., Пивоварова Е.В., 2015; Кравченко А., 2018).

Қазіргі білім беру кеңістігінде сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетуде заманауи технологиялар кеңінен қолданылады. Солардың қатарында – нейрогимнастика, биоэнергопластикалық жаттығулар, сенсорлық стимуляция әдістері, және интерактивті ойындық платформалар. А. Кравченконың «Нейрогимнастика 3+» еңбегінде сөйлеу тілі мен моторика арасындағы байланыс жүйелі түрде сипатталып, екі қолдың қозғалысын үйлестіру арқылы ми жарты шарларының өзара әрекеті күшейетіні дәлелденеді. Бұл тәсіл сөйлеу қабілетінің дамуына оң әсер етеді. Ал Горбунова мен Иваненконың (2014) «*Су Джок массажеры в логопедической работе*» мақаласында сөйлеу бұлшықеттеріне массаждық әсер ету арқылы тілдің қозғалысын белсендіру тиімділігі көрсетілген.

Қазіргі кезеңде логопедиялық жұмысты мультимедиялық және кинестетикалық технологиялармен үйлестіру кең таралған. Дегенмен, көптеген авторлар (Өмірбекова Қ.Қ., Ибатова Г.Б., 2011; Колганова В.С., 2015) инновациялық әдістердің нәтижелі болуы үшін оларды баланың ұлттық мәдени ортасымен сабақтастыру қажет екенін атап өтеді. Себебі сөйлеу тілінің дамуы – тек физиологиялық үдеріс емес, баланың өмір сүріп отырған әлеуметтік-мәдени ортасымен тығыз байланыстағы күрделі құбылыс. Баланың тілдік белсенділігі оның ұлттық сәйкестігімен және мәдени құндылықтар жүйесімен тығыз байланысты.

Халықтық ойындар – қазақ этнопедагогикасының маңызды саласы. Олар арқылы бала қоршаған ортаны танып, дене және тілдік әрекеттерін үйлестіреді. Этнопедагогикалық зерттеулерде (А. Құнанбаева, С. Қалиев, Қ. Жарықбаев және т.б.) ұлттық ойындардың тәрбиелік, дамытушылық және танымдық функциялары кеңінен талданған. Бұл ойындар баланың есте сақтау, зейін, логикалық ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған табиғи құрал болып табылады.

Солардың ішінде асық ойыны ерекше педагогикалық мәнге ие. Асық ойыны тек дене қимылын дамыту құралы емес, ол баланың назарын шоғырландыру, қол мен көз координациясын жетілдіру, қозғалыс дәлдігін және ұсақ моторикасын дамыту арқылы сөйлеу процесін белсендіреді. Өмірбекова, Ибатова және Оразева (2011) зерттеулерінде ұсақ моторика мен сөйлеу тілі арасындағы тығыз байланыс атап өтіледі: саусақ қимылдарын жетілдіру ми қыртысындағы сөйлеу орталықтарын белсендіреді. Бұл идеяны Колганова мен Пивоварова (2015) да растап, моторлық және тілдік процестердің өзара тәуелділігін нейропсихологиялық тұрғыдан түсіндіреді.

Қазақ халқының дәстүрлі ойындарына тән басты ерекшелік – олардың тәрбиелік және әлеуметтік бағыттылығы. Ойын барысында бала ережені сақтауға, серіктесін тыңдауға, өз ойын нақты жеткізуге үйренеді. Осылайша ұлттық ойындар баланың тілін дамытудың табиғи және эмоционалды жағымды тәсілі ретінде қарастырылады.

«Асық технологиясы» – ұлттық ойын элементтерін логопедиялық, нейропсихологиялық және сенсорлық әдістермен кіріктіретін жаңа педагогикалық бағыт. Бұл әдіс алғаш рет логопедиялық тәжірибеге шығармашылық тұрғыдан бейімделіп енгізілді (Омарбекова Ф.К., 2025). Технологияның мәні – асықтың түрлі жатыстарын артикуляциялық және моторикалық жаттығулармен сәйкестендіру арқылы сөйлеу мүшелерін белсендіру, сөйлеу дағдыларын табиғи қозғалыс арқылы қалыптастыру. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, асық технологиясын жүйелі қолдану: сөйлеу мүшелерінің қозғалыс үйлесімділігін арттырады; дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын қалыптастырады; ұсақ және жалпы моториканы дамытады; зейін мен есте сақтауды күшейтеді; эмоционалды тұрақтылық пен өз-өзіне сенімділікті арттырады.

Лао Минь (2020) мен Архипова (2018) еңбектерінде көрсетілгендей, массаж және биоэнергопластикалық әдістер сөйлеу бұлшықеттерін белсендіруге ықпал етеді. Асық терапиясы осы тәсілдерді ұлттық ойын арқылы табиғи формада жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге ол логопедиялық процестің мотивациялық және мәдени мазмұнын байытады.

Қазақтың ұлттық ойындары – ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық тәрбиенің табиғи мектебі. Этнопедагогикалық еңбектерде ұлттық ойындар арқылы баланың дене бітімі, зердесі,

мінез-құлқы, сезімталдығы, қимыл ептілігі мен қарым-қатынас мәдениеті кешенді дамытыны жан-жақты сипатталады (Қалиев, 1999; Жарықбаев, 2006; Наурызбай, 2001). Бұл зерттеулерде ұлттық ойындар ең алдымен жалпы тәрбиелік құрал ретінде қарастырылғанымен, олардың сөйлеу тілін түзету мен дамытудағы арнайы рөлі соңғы кезеңге дейін жеткілікті дәрежеде ашылған жоқ.

Қазақ этнопедагогикасы саласындағы авторлар балалар ойынының құрылымында сөз, қимыл және эмоцияның табиғи бірлігі бар екенін атап көрсетеді. Санамақтар, жаңылтпаштар, ұрандар, ойын шартын түсіндіру және ойын барысындағы айқай-шаттық – бәрі балаға тілдік материалды қайталап айтуға, өз ойын ауызша жеткізуге, серіктесінің сөзіне жауап беруге мүмкіндік береді (Жарықбаев, 2006; Момынова, 2010). Демек, ұлттық ойындар бастапқыда арнайы логопедиялық мақсатта ойластырылмаған болса да, сөйлеу тәжірибесін жандандыратын табиғи коммуникативтік орта қалыптастырады.

Ұлттық ойындардың түзетушілік әлеуеті туралы бірқатар қазақстандық және шетелдік зерттеулерде ойынның қимылдық, когнитивтік және эмоциялық құрамдастары ерекше атап өтіледі. Түркия, Индонезия сияқты елдерде жүргізілген эксперименттік жұмыстарда дәстүрлі ойындарға негізделген бағдарламаларға қатысқан мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздік қоры, әлеуметтік өзара әрекеті, өзіндік бағасы мен топтағы белсенділігі артқаны көрсетілген. Мұндай нәтижелер ойынды тек «қосымша қызық» емес, мақсатты түрде қолданылатын дамытушы-түзетуші технология ретінде қарастыру қажеттігін айқындайды.

Қазақтың ұлттық ойындары ішінде асық ойыны ерекше орын алады. Асық – әрі материалдық зат (сүйек), әрі күрделі символдық мәні бар ойын құралы. Дәстүрлі ортада асық ойыны баланың көз мөлшерін, дәлдігін, қырағылығын, кеңістікте бағдарлануын, тепе-теңдігін, қол-көз координациясын дамытудың табиғи жолы ретінде қолданылған. Балалар асық ату, жинау, сұрыптау, тізу, лақтыру кезінде әр қимылды сөзбен сүйемелдеп, ойындағы рөлін, кезегін, нәтижені дауыс арқылы білдіреді. Мұнда қозғалыспен сөйлеу қатар жүріп, эмоциялық әсермен бекітіледі, бұл сөйлеу тілін түзету үшін маңызды психофизиологиялық негіз болып табылады.

Асық ойынының құрылымында логопедиялық жұмыс үшін құнды бірқатар сипаттар бар.

Біріншіден, асықпен орындалатын әрекеттер қайталанбалы және ритмді, бұл фонематикалық естуді, буындық құрылымды және сөз ырғағын бекітуге мүмкіндік береді. Екіншіден, асықтың түрі, түсі, саны, орналасуы сияқты белгілерді сөзбен атау, салыстыру, санату балалардың лексикалық және грамматикалық дағдыларын дамытады. Үшіншіден, ойын барысында балалар бір-бірімен келіседі, ережені түсіндіреді, дауласады, келесі жүрісті болжайды – яғни уақытша, себеп-салдарлық байланыстарды тілдік формаға түсіруге мәжбүр болады. Бұл байланыстырып сөйлеуді дамытуға тікелей ықпал етеді.

Сонымен қатар, асық ойынының ритмдік және моторикалық компоненті нейропсихологиялық тұрғыдан да маңызды. Саусақтардың ұсақ қимылдары, дене мен көздің координациясы, кеңістікте қозғалу – бәрі ми жарты шарларының өзара байланысын, кинестетикалық және көру-есту талдағыштарының бірлескен қызметін күшейтеді. Сөйлеу тілінің дамуы тежелген балаларда көбіне моторика, кеңістікті бағдарлау, ырғақ сезімі әлсіз болатыны белгілі; асық арқылы ұйымдастырылған жаттығулар осы кемшіліктерді табиғи ойын жағдайында жұмсартуға мүмкіндік береді.

Ұлттық ойындарды логопедиялық тәжірибеге енгізуге арналған жеке ғылыми-әдістемелік еңбектер әлі де аз, дегенмен соңғы жылдары қазақ зерттеушілері ұлттық мәдени мұра мен қазіргі коррекциялық педагогиканы ұштастыру бағытында алғашқы қадамдар жасап жүр. Жеке жұмыстарда асық ойыны балалардың ерік-жігерін, табандылығын, достық сезімін, жауапкершілігін қалыптастыру құралы ретінде сипатталып, ойын барысында балалардың сөйлеу белсенділігі артатыны атап өтіледі. Алайда бұл зерттеулердің көпшілігінде сөйлеу тілі тежелген балалармен арнайы логопедиялық әдістеме деңгейінде жүйеленген бағдарлама ұсынылмаған.

Осы тұрғыдан қарағанда, «асық әдістемелік технологиясын» мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілі тежелген балалармен жүргізілетін арнайы түзету-дамыту бағдарламасы ретінде құрастыру ұлттық ойындардың түзетушілік және дамытушылық әлеуетін ғылыми деңгейде ашуға мүмкіндік береді. Асық ойынына сүйене отырып, сөйлеу, моторика және эмоциялық әрекетті біртұтас жүйе ретінде ұйымдастыру – ұлттық ойын туралы дәстүрлі педагогикалық көзқарасты жаңа сапалық деңгейге көтеретін қадам.

Әдістеме және зерттеу әдістері

Бұл зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі педагогика, психология, логопедия және этнопедагогика ғылымдарының түйісінде қалыптасты. Теориялық базаны Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи даму теориясы, А.Н. Леонтьевтің іс-әрекеттік тәсілі, сонымен қатар

Ж. Аймауытов пен М. Жұмабаевтың ұлттық тәрбие мен тіл дамуына қатысты қағидалары құрады. Аталған теориялар баланың тұлғалық және когнитивтік дамуының негізі ретінде сөйлеу тілінің әлеуметтік-мәдени рөлін айқындайды. Тіл адамның қоғамдық болмысын, ойлау жүйесін және эмоционалды тәжірибесін қалыптастырады, сондықтан сөйлеуді дамыту тек фонетикалық немесе механикалық үдеріс емес, тұлғаның мәдени және психологиялық жетілуімен біртұтас қарастырылуы тиіс.

Зерттеу логопедиялық технологияларды этнопедагогикалық элементтермен кіріктіруге бағытталған интегративтік тәсілді ұстанады. Бұл тәсіл заманауи ғылыми технологияларды қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарымен ұштастырып, баланың сөйлеу тілін табиғи жолмен дамытуға жағдай жасайды.

Зерттеу міндеттері:

1. Сөйлеу тілі дамуы мен бұзылыстарының психологиялық-педагогикалық және әдіснамалық негіздерін талдау;

2. Қазақтың ұлттық ойындарының түзетушілік және дамытушылық әлеуетін айқындау;

3. Заманауи логопедиялық технологиялар мен ұлттық ойын элементтерін біріктіретін «асық терапиясы» әдістемесін құрастыру;

4. Тәжірибелік зерттеу нәтижелерін өңдеп, әдістеменің тиімділігін ғылыми негіздеу.

Зерттеу гипотезасы: егер логопедиялық сабақтарда ұлттық мазмұнға негізделген асық технологиясы жүйелі түрде қолданылса, онда мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілінің дамуы, ұсақ моторикасы және когнитивтік белсенділігі айтарлықтай жоғарылайды.

Зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес теориялық және эмпирикалық әдістер кешені пайдаланылды.

Теориялық әдістер: – ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерге контент-талдау; – логопедия мен этнопедагогика саласындағы отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы талдау; – ғылыми деректерді жүйелеу және модельдеу әдісі.

Эмпирикалық әдістер: – педагогикалық бақылау (балалардың сөйлеу белсенділігі мен артикуляциялық қозғалыстарын тіркеу); – логопедиялық диагностика (дыбыстарды айту, буын-сөз құрастыру, сөйлем байланысын анықтау); – моторика мен зейінге арналған тестілер; – педагогикалық эксперимент (асық технологиясының тиімділігін тексеру).

Қосымша әдістер: – сауалнама және сұхбат (ата-аналар мен педагогтардың пікірін анықтау); – бейнефиксация және сабақтарды хаттамаға енгізу; – нәтижелерді статистикалық өңдеу (пайыздық динамика, салыстырмалы диаграммалар).

Эксперимент барысында логопедиялық сабақтар аптасына үш рет, әрқайсысы 25–30 минуттан өткізілді. Сабақтар ойын түрінде ұйымдастырылып, үш негізгі модульден тұрды:

1. Мотивациялық кезең – асықпен нейрогимнастикалық және қимылды жаттығулар, тыныс алу және артикуляциялық дайындық.

2. Негізгі кезең – артикуляциялық және моторикалық жаттығуларды асық жатыстарымен сәйкестендіру. Мысалы, «Шік» жатысы – «Ожау», «Бүк» – «Сырганақ», «Алшы» – «Ине» жаттығуы. Дыбыстарды буында және сөзде бекіту үшін түрлі-түсті асықтар пайдаланылды.

Қорытынды кезең – асық массажы мен релаксациялық жаттығулар, баланың өзін-өзі бағалау және тілдік белсенділікті арттыру элементтері.

Сабақ құрылымы балалардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес бейімделіп, эмоционалды-позитивті ортада өтті.

Зерттеу нәтижелері келесі көрсеткіштер бойынша бағаланды:

1. Артикуляциялық дәлдік пен тіл бұлшықеттерінің үйлесімділігі;

2. Дыбыстарды айту және фонематикалық қабылдау сапасы;

3. Сөздік қордың көлемі мен белсенділігі;

4. Сөйлем құрастыру және байланыстырып сөйлеу деңгейі;

5. Ұсақ және жалпы моториканың даму көрсеткіштері;

6. Эмоциялық тұрақтылық пен сабаққа қызығушылық деңгейі.

Бағалау үш деңгей бойынша жүргізілді: жоғары, орта, төмен. Салыстырмалы талдау экспериментке дейінгі және кейінгі мәліметтер арасындағы сапалық және сандық айырмашылықтарды айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми сенімділігі төмендегі факторлармен қамтамасыз етілді: әдіснамалық және теориялық тұжырымдардың ғылыми негізділігі; зерттеу әдістерінің кешенділігі мен өзара толықтығы; эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы деректерінің сәйкестігі; алынған нәтижелердің статистикалық өңдеуі мен математикалық талдауының дәлдігі; зерттеу материалдарының логопедиялық практикада апробациядан өтуі; педагогикалық процестегі объективті бақылау және жүйелі рефлексия.

Жүргізілген зерттеу әдістемесі мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуға кешенді, ұлттық және инновациялық тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді. «Асық технологиясы» баланың сөйлеу тілін түзетуде тек артикуляциялық дағдыларды ғана емес, сонымен бірге ұсақ моторика мен когнитивтік процестерді де дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық құрал ретінде танылды. Бұл әдіс баланың мәдени сәйкестігін сақтай отырып, логопедиялық жұмысты ұлттық дәстүрмен ұштастырудың жаңа моделін ұсына-

ды. Алынған нәтижелер логопедиялық тәжірибеде қолдануға, педагогтар мен ата-аналарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар жасауға және мектепке дейінгі білім беру жүйесінде сөйлеу тілін дамытудың отандық моделін қалыптастыруға негіз бола алады.

Нәтижелері және талқылау

Зерттеу жұмысы Алматы қаласы Түрксіб ауданы №187 бөбекжай-балабақшасында жүргізіліп, 2023–2025 оқу жылдарын қамтыды. Экспериментке сөйлеу тілі тежелген 60 бала қатысты. Балалар екі топқа бөлінді:

- **эксперименттік топ** (n=30) – логопедиялық сабақтарда асық әдістемелік технологиясы қолданылды;

- **бақылау тобы** (n=30) – дәстүрлі логопедиялық әдістемелермен жұмыс жүргізілді. Эксперимент үш кезеңде өтті: бастапқы (диагностикалық), негізгі (түзету-дамытушылық), қорытынды (салыстырмалы талдау). Төменде зерттеу нәтижелерінің динамикасы көрсетілген.

1-кесте – Артикуляциялық дағдылардың даму көрсеткіштері.

Көрсеткіш	Бастапқы кезең (%)	Қорытынды кезең (%)	Өзгеріс (%)
Эксперименттік топ	52	89	+37
Бақылау тобы	54	67	+13


Эксперименттік топта артикуляциялық жатығуларды асық жатыстарымен сәйкестендіру («Шік» – *ожау*, «Бүк» – *сырғанақ* т.б.) балалардың тіл бұлшық еттерінің үйлесімді жұмысын қалыптастырды. Сабақ барысында тілдің қозғалыс амплитудасы артты, дыбыстарды дұрыс айту саны 30–40% жоғарылады. Бақылау тобында да оң өзгеріс байқалғанмен, өсім айтарлықтай болмады (13%).

Балалардың фонематикалық есту қабілеті «Р», «Л», «С», «Ш» дыбыстарын ажырату тапсырмалары арқылы тексерілді.

Асық технологиясын қолдану барысында ритмикалық тақтайшадағы түрлі-түсті асықтар

дыбыстарды визуалды және тактильді тұрғыда ажыратуға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл балалардың фонематикалық қабылдауын 2,6 есе жақсартты (1-сурет).


Сабақтарда қолданылған ұлттық тақырыптағы ойындар («Асық аттамақ», «Алшы түссе – сөйле») балалардың тілдік белсенділігін арттырды. Балалар өз ойын еркін жеткізіп, сөйлем құрастыру қабілеті жақсарды. Сөйлем құрылымының күрделенуі, сөздің мағыналық дәлдігі мен грамматикалық байланысы эксперимент соңында айқын өсті. Бұл нәтиже логопедиялық сабақтарда қозғалыс пен сөйлеу әрекетінің біріктірілуінің тиімділігін дәлелдейді (1-2-сурет).



1-сурет – Артикуляциялық даму динамикасы
(Диаграмма сипаттамасы: көк баған – бастапқы кезең, жасыл – қорытынды кезең; айқын айырмашылық эксперименттік топта байқалады.)

2-кесте – Фонематикалық қабылдау нәтижелері (эксперименттік топ).


Деңгей	Экспериментке дейін (%)	Эксперименттен кейін (%)
Төмен деңгей	41	7
Орта деңгей	36	33
Жоғары деңгей	23	60



2-сурет – Фонематикалық қабылдаудың өсу динамикасы
(Сызықтық графикте төмен деңгейдің күрт төмендеуі және жоғары деңгейдің айқын өсуі көрсетіледі.)

3-кесте – Балалардың сөздік қорының дамуы

Көрсеткіш	Экспериментке дейін орташа сөз саны	Эксперименттен кейін орташа сөз саны	Өсім (%)
Эксперименттік топ	380	640	+68
Бақылау тобы	390	480	+23



3-сурет – Балалардың сөйлеу белсенділігінің артуы
(бейнефиксациядан алынған кадрлар негізінде сипаттама)

Эксперимент соңында балалар өзара диалог құруға, жаңа сөздерді ойын жағдайында қолдануға дағдыланды. Ұсақ моторика сөйлеу орталықтарының белсенділігін арттыратын маңызды фактор. Балаларға екі қолмен асық жатыстарын алмастырып орындау, «Алшы- Тәйке» жаттығулары ұсынылды.

Бұл нәтижелер Кравченконың (2018) «Нейрогимнастика 3+» әдістемесінде сипатталған қағидалармен үйлеседі: екі қолдың бір мезгіл-

де қозғалысы мидың екі жарты шарының өзара әрекетін белсендіреді, бұл сөйлеу процестерін күшейтеді. Эксперименттің маңызды нәтижелерінің бірі – балалардың психоэмоциялық жағдайының тұрақтануы.


Балалар асық ойыны арқылы серіктесімен өзара әрекетке түсіп, өзін-өзі бағалауы жақсарды. Сабақтардағы эмоционалды фон тұрақты позитивті сипат алды, бұл баланың сөйлеуге деген қорқынышын азайтты (4-сурет).

4-кесте – Ұсақ моторика мен кеңістікті бағдарлаудың даму динамикасы

Көрсеткіш	Экспериментке дейін (%)	Эксперименттен кейін (%)	Өзгеріс
Дәл қимыл жасау	48	85	+37
Кеңістікті бағдарлау	55	91	+36
Екі қол үйлесімділігі	46	88	+42

5-кесте – Эмоциялық тұрақтылық және әлеуметтік бейімделу көрсеткіштері.

Параметр	Бастапқы кезең	Қорытынды кезең	Өзгеріс
Сабаққа қызығушылық білдірген балалар	43%	90%	+47%
Белсенді қарым-қатынасқа түскен балалар	38%	82%	+44%
Өзін сенімді ұстаған балалар	35%	78%	+43%



4-сурет – Асық технологиясын қолданған сабақтардағы балалардың эмоционалды белсенділігі (бақылау журналы негізінде).

6-кесте – Жалпы нәтижелердің салыстырмалы қорытындысы

Көрсеткіштер	Бақылау тобы (%)	Эксперименттік топ (%)	Айырмашылық (%)
Артикуляциялық дағдылар	67	89	+22
Фонематикалық қабылдау	58	90	+32
Сөздік қор көлемі	480	640	+33
Моторика және координация	70	88	+18
Эмоциялық тұрақтылық	65	90	+25

Диаграмма сипаттамасы: эксперименттік топтағы барлық бағыттар бойынша айқын жоғарылау байқалады. Әсіресе сөйлеу белсенділігі мен дыбыс қою сапасы 30%-дан астам жақсарды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері «асық технологиясының» сөйлеу тілін дамытудағы жоғары тиімділігін дәлелдеді. Бұл әдістеме дәстүрлі логопедиялық тәсілдерден ерекшеленеді, себебі ол:

- сөйлеу процесін қозғалыс және ойын әрекетімен біріктіреді;
- тіл бұлшық еттерін табиғи түрде жаттықтырады;
- ұлттық мәдениетті дамытудың құрамдас бөлігі ретінде қолданады;
- баланың эмоциялық және когнитивтік белсенділігін қатар арттырады.

Алынған нәтижелер Өмірбекова Қ.Қ., Ибатова Г.Б., Оразаева Г.С. (2011), сондай-ақ Колганова мен Пивоварова (2015) еңбектеріндегі теориялық тұжырымдармен сәйкес келеді. Сөйлеу тілі дамуы мен моторика арасындағы өзара

байланыс тәжірибелік түрғыда дәлелденді: асық арқылы жасалған артикуляциялық және моторикалық жаттығулар сөйлеу мүшелерінің үйлесімділігін арттырып, фонематикалық қабылдауды күшейтті.

Бұдан бөлек, асық технологиясы баланың ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттырды, ата-аналар мен педагогтардың қатысуы балалардың сөйлеу белсенділігін қолдайтын орта қалыптастырды. Жалпы нәтиже ретінде бұл әдіс логопедиялық процестің мотивациялық, танымдық және эмоционалдық сапасын жақсартты.

Эксперимент қорытындысы төмендегі негізгі тұжырымдарды айқындады:

1. Асық технологиясын жүйелі қолдану сөйлеу тілін дамытудың интегративті моделі ретінде тиімді;

2. Артикуляциялық, моторикалық және психоэмоциялық даму бағыттарында айқын оң өзгеріс байқалды;

3. Ұлттық мазмұндағы ойын форматы баланың танымдық қызығушылығын арттырып, сөйлеу белсенділігін күшейтті;

4. Әдіс балалардың сөйлеу бұзылыстарын түзетіп қана қоймай, ұлттық сана мен мәдени сәйкестікті де дамытты.

Қорытынды

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың сөйлеу тілін дамыту мәселесі қазіргі білім беру жүйесінің стратегиялық бағыты болып табылады. Бұл зерттеу жұмысы қазақ халқының дәстүрлі асық ойынын заманауи логопедиялық технологиялармен кіріктіру арқылы сөйлеу тілін дамытудың инновациялық моделін жасауға бағытталды. Зерттеу нәтижелері асық технологиясының мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік, моторикалық және психоэмоциялық дамуына кешенді оң әсер ететінін дәлелдеді. Асық технологиясы сөйлеу тілі дамуы кешеуілдеген балалардың тілдік және моторикалық қабілеттерін жетілдіруде тиімді құрал екені тәжірибе жүзінде дәлелденді. Артикуляциялық жаттығуларды асық жатыстарымен сәйкестендіру сөйлеу мүшелерінің қозғалысын белсенді етіп, дыбыстарды дұрыс айтуға мүмкіндік берді. Эксперимент нәтижесінде артикуляциялық дағдылардың даму көрсеткіші 52%-дан 89%-ға дейін артты. Фонематикалық қабылдау мен дыбыстарды ажырату қабілеті 2,6 есе жақсарды. Түрлі- түсті асықтарды ритмикалық тақтайшада пайдалану балалардың дыбыстық талдау мен синтез дағдыларын күшейтті. Бұл нәтижелер логопедиялық процестің сенсорлық және көру компоненттерімен толық байланыста жүргізілгенде тиімділіктің артатынын көрсетті. Балалардың сөздік қоры мен сөйлем құрастыру қабілеті едәуір жақсарды: орташа сөздік көлем 380 сөзден 640 сөзге дейін ұлғайды. Бұл асық технологиясының когнитивтік белсенділікті арттыруда шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Ұлттық мазмұндағы жаттығулар мен тақпақтар баланың ойлауын, қиялын және тілдік байланысын дамытты. Ұсақ моторика және нейрогимнастика жаттығулары сөйлеу тілінің физиологиялық негіздерін нығайтты. Балалардың дәл қимыл жасау қабілеті 37%-ға, екі қол үйлесімділігі 42%-ға, ал кеңістікті бағдарлау көрсеткіші 36%-ға артты. Бұл нәтижелер нейропсихологиялық теориядағы «қол қозғалысы – сөйлеу белсенділігі» өзара байланысын нақтылады. Эмоциялық тұрақтылық пен әлеуметтік бейімделу деңгейі айтарлықтай жоғарылады. Асық ойынының топтық

форматы балалардың бір-бірімен қарым-қатынас орнатуына, өзара түсіністік пен сенім сезімін қалыптастыруына мүмкіндік берді. Сабаққа қызығушылық танытқан балалардың үлесі 43%-дан 90%-ға жетті. Жалпы алғанда, эксперименттік топта барлық көрсеткіштер бойынша орташа өсім 30–35% құрады. Бұл асық технологиясын жүйелі қолдану логопедиялық жұмыстың тиімділігін 1,5–2 есеге арттыратынын дәлелдейді.

Алматы қаласындағы №187 балабақша базасында жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақтың ұлттық «асық» ойынына негізделген авторлық әдістемелік технологияның мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілі тежелген балалар үшін тиімді екенін көрсетті. «Асық» технологиясы логопедиялық жұмысты баланың табиғи ойын әрекетімен ұштастырып, сөйлеу, моторика және эмоциялық үдерістерді бір мезгілде іске қосуға мүмкіндік берді. Эксперимент барысында 5–6 жастағы балалардың артикуляциялық дәлдігі, фонематикалық тыңдауы, белсенді сөздік қоры және өз бетінше сөйлеу бастамашылдығы айтарлықтай жақсарғаны анықталды. Сонымен қатар балалардың сабаққа қызығушылығы, топпен әрекеттесу белсенділігі және өзін қазақ мәдениетінің бір бөлігі ретінде сезінуі күшейді.

Зерттеу ұлттық ойын элементтерін, нейропсихологиялық жаттығуларды және заманауи логопедиялық тәсілдерді интеграциялай отырып, мектепке дейінгі ұйымдар үшін жаңа үлгідегі сөйлеу терапиясын ұсынды. «Асық» әдістемелік технологиясын балабақшадағы логопедиялық сабақтарға, шағын топтағы түзету жұмыстарына және ойын орталығындағы тіл дамыту іс-шараларына енгізу сөйлеу тілі дамуы тежелген балаларды табиғи, эмоционалдық жағынан қолайлы ортада қолдауға мүмкіндік береді. Жиналған материалдар педагогтар мен логопедтерге, ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдар мен оқу-әдістемелік құралдар әзірлеуге негіз болады. Сонымен бірге зерттеудің белгілі бір шектеулері бар: жұмыс бір ғана балабақшада жүргізілгендіктен, нәтижелер өңірлік сипатқа ие. Болашақта түрлі әлеуметтік, тілдік және мәдени ортадағы балабақшаларда кеңейтілген, салыстырмалы зерттеулер жүргізу, сондай-ақ «асық» технологиясын инклюзивті топтарда, ерекше білім беруді қажет ететін мектепке дейінгі балалармен апробациялау қажет. Нейропсихологиялық тренингтер мен цифрлық ойын платформаларымен үйлестіре отырып, «асық»

терапиясын әрі қарай дамыту мектепке дейінгі педагогикалық тәжірибені жаңа деңгейге көтере алады.

Жалпы алғанда, «асық әдістемелік технологиясы» – мектепке дейінгі сөйлеу тілі тежелген

балалардың тілдік, моторикалық және эмоциялық дамуын кешенді түрде қолдайтын, ұлттық дәстүрлер мен заманауи педагогикалық инновацияларды біріктірген тиімді ғылыми-практикалық модель ретінде бағалануға лайық.

Әдебиеттер

1. UNESCO. (2019). Learning through play: Strengthening learning through play in early childhood education programmes. UNESCO Publishing.
2. Аймауытов, Ж. (2011). Психология және педагогика. Санат.
3. Архипова, Е. (2018). Логопедический массаж: практическое пособие. Владос.
4. Выготский, Л. С. (1982). Мышление и речь. Педагогика.
5. Горбунова, И. В., & Иваненко, И. В. (2014). Су Джок массажеры в логопедической работе. Логопед, (2), 21–22.
6. Жарықбаев, Қ. (2006). Этнопсихология. Білім.
7. Калиев, С. (2009). Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Рауан.
8. Колганова, В. С., & Пивоварова, Е. В. (2015). Нейропсихологические занятия с детьми: практическое пособие. Просвещение.
9. Кравченко, А. (2018). Нейрогимнастика 3+: методические указания. Инфра-М.
10. Лао Минь. (2019). Су-джок. Атлас целительных точек для здоровья и долголетия. East-Med.
11. Лао Минь. (2020). Руководство по естественной рефлексотерапии. Наньчжан Бэйпин.
12. Леонтьев, А. Н. (1975). Деятельность. Сознание. Личность. Наука.
13. Момышұлы, Б. (1988). Ұшқан ұя. Жазушы.
14. Омарбекова, Ф. Қ. (2025). Мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың сөйлеу тілін асықты заманауи әдістемелік-технологиялық негізде қолдану арқылы түзету бағдарламасы. Алматы.
15. Өмірбекова, Қ. Қ., Ибатова, Г. Б., & Оразаева, Г. С. (2011). Логопедия. Қазақ университеті.

References

- Aimaıytov, Z. (2011). Psikhologiya zhane pedagogika [Psychology and pedagogy]. Sanat. (in Kazakh)
- Arkipova, E. (2018). Logopedicheskii massazh: Prakticheskoe posobie [Speech therapy massage: A practical guide]. Vlados. (in Russian)
- Gorbunova, I. V., & Ivanenko, I. V. (2014). Su-Jok massazhery v logopedicheskoi rabote [Su-Jok massagers in speech therapy practice]. Logoped, (2), 21–22.
- Kaliev, S. (2009). Qazaq etnopedagogikasyryn teoriyalıq negizderi men tarikhy [Theoretical foundations and history of Kazakh ethnopedagogy]. Rauan. (in Kazakh)
- Kolganova, V. S., & Pivovarova, E. V. (2015). Neiropsikhologicheskie zaniatiia s det'mi: Prakticheskoe posobie [Neuropsychological sessions with children: A practical guide]. Prosveshchenie. (in Russian)
- Kravchenko, A. (2018). Neurogimnastika 3+: Metodicheskie ukazaniia [Neurogymnastics 3+: Methodological guidelines]. Infra-M. (in Russian)
- Lao Min. (2019). Su-Dzhok: Atlas tselitel'nykh tochek dlia zdorov'ia i dolgoletii [Su-Jok: An atlas of healing points for health and longevity]. East-Med. (in Russian)
- Lao Min. (2020). Rukovodstvo po estestvennoi refleksoterapii [A guide to natural reflexotherapy]. Nanchzhan Beipin. (in Russian)
- Leont'ev, A. N. (1975). Deiatel'nost'. Soznanie. Lichnost' [Activity. Consciousness. Personality]. Nauka. (in Russian)
- Momysuly, B. (1988). Ushqan uya [The flying nest]. Zhazushy. (in Kazakh)
- Omarbekova, F. Q. (2025). Mektepke deiingi uiymdagı balalardyn soileu tilin asyqty zamanauı adistemelik-tekhnologiyalyq negizde qoldanu arqyly tuzetu bagdarlamasy [A program for correcting preschool children's speech through the use of traditional knucklebone games based on modern methodological and technological approaches]. Almaty. (in Kazakh)
- Omirbekova, Q. Q., Ibatova, G. B., & Orazaeva, G. S. (2011). Logopediia [Speech therapy]. Qazaq universiteti. (in Kazakh)
- UNESCO. (2019). Learning through play: Strengthening learning through play in early childhood education programmes. UNESCO Publishing.
- Vygotskii, L. S. (1982). Myshlenie i rech' [Thinking and speech]. Pedagogika. (in Russian)
- Zharykbaev, K. (2006). Etnopsikhologiya [Ethnopsychology]. Bilim. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Омарбекова Фарида Қызырқанқызы (корреспондент-автор) – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» бағдарламасының докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық (Алматы, Қазақстан, e-mail: omarbekovafarida@mail.ru)

Ұлбосын Қияқбаева – п.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: kyakbaeva@mail.ru)

Information about authors:

Farida Kyzirkanovna Omarbekova (corresponding author) – Doctoral student of the educational program “Preschool Education and Upbringing”, Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Almaty, Kazakhstan. e-mail: omarbekovafarida@mail.ru)

Ulbosyn Kiyakbayeva – candidate of Pedagogical Sciences (PhD), Professor, Department of Preschool Education and Social Pedagogy, Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Almaty, Kazakhstan. e-mail: kyakbaeva@mail.ru)

Сведения об авторах:

Омарбекова Фарида Кызыркановна (корреспондирующий автор) – докторант образовательной программы «Дошкольное воспитание и обучение», Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: omarbekovafarida@mail.ru);

Киякбаева Улбосын – кандидат педагогических наук, профессор кафедры дошкольного образования и социальной педагогики Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: kyakbaeva@mail.ru).

Келін түсті 30.10.2025

Қабылданды 01.12.2025